

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

Thus, the analysis shows that bullying in the adolescent environment is currently a serious problem that entails negative psychological, social and somatic consequences. Students of grades 6, 7 and 8 are quite familiar with the problem of bullying in children's groups and the Internet, and are also aware of its dangerous consequences. Boys are more likely than girls to act as abusers, as well as to experience violence against themselves. In General, the study highlights the need to develop and implement bullying prevention programs in schools that target both students and their parents and the school's teaching staff.

Bibliography

1. Волкова И. В. Характеристика подросткового буллинга и его определение // Вестник Минского университета. - 2016. - № 2. - С. 26-33.
2. Моисеева Н. М., Сафронова М. В. Проблема профилактики буллинга в школьной среде // Ученые записки Санкт-Петербургского государственного института психологии и социальной работы. -2015. - Т. 24. - № 2. - С. 114-121.
3. Соловьев Д. Н. Модель профилактики буллинга среди школьников подросткового возраста // Науковедение. - 2014. - № 3. - С. 155-162.
4. Лэйн Д. А. Школьная травля (буллинг) // Детская и подростковая психотерапия. - СПб.: Питер, 2001. - С. 240-276.
5. Маланцева О.Д. «Буллинг» в школе. Что мы можем сделать? // Социальная педагогика. - 2007. -№ 4. - С. 90-92.
6. Мальцева О. А. Профилактика жестокости и агрессивности в подростковой среде и способы ее преодоления // Вестник Тюменского государственного университета. - 2009. - № 7. - С. 51-54.
7. Кривцова С. В. Травля (буллинг) в ученической среде: как понимать, противостоять и не бояться? // Известия АСОУ. Научный ежегодник. - 2015. - Т. 2. - № 3. - С. 52-59.
8. Бутенко В. Н., Сидоренко О. А. Буллинг в школьной образовательной среде: опыт исследования психологических особенностей «обидчиков» и «жертв» // Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В. П. Астафьева. - 2015. - № 3. - С. 138-143.

ӘОЖ 159.972

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ НАУҚАСТАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Жасұлан Аружан Жасұланқызы

zhassulan.aruzhan@mail.ru

7М03103 «Психология» мамандығының 1 курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.К. Айкинбаева

Денсаулық – адам мен қоғамның белсенді, толыққанды өмір сүруіне қажетті және маңызды шарттарының бірі. Денсаулық – ең үлкен әлеуметтік игілік, сондай-ақ, құндылықтардың иерархиялық сатысында, бақыт пен өмірдің мәні сияқты адам өмірінің ең жоғарғы санатына жататын табиғи, абсолютті және еңсерілмейтін өмірлік құндылық.

Алайда, қазіргі қоғамдағы болып жатқан үздіксіз даму кезеңінде, денсаулық тек берілген игілік ретінде ғана емес, сонымен қатар, жеке тұлға үшін белгіленген мақсаттар мен өмірлік табысқа жетуді қамтамасыз ететін маңызды фактор, нақты құрал ретінде қарастырыла бастады. Яғни, адамның денсаулыққа деген көзқарасының өзгеруі, түрлі қауіпті ауруларға шалдығуына, халықтың еңбекке қабілетсіздігіне, туу деңгейінің төмендеуіне, өлім-жітім көрсеткіштерінің өсуіне, мүгедектік пен мерзімінен бұрын өмірден өтуге әкеп соқтыруы мүмкін сырқаттанушылық деңгейінің өсуінің бірден-бір себепкері болып отыр.

Атап айтатын болса, қазіргі қоғамның өткір мәселесі – қатерлі ісік аурулары. Әр түрлі деректер бойынша жыл сайын адам популяциясында қатерлі ісіктің 20 млн. дейін оқиғасы тіркеледі, оның ішінде дамыған елдерде – 48%-ын құрайды [1]. Бұл деректерде, халық санының төмендеуі аясында обырмен ауырған адамдардың абсолютті санының перманенттік өсуі байқалады. ДДҰ-ның бағалауы бойынша, 2018 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде қатерлі ісіктен 9,6 миллион өлім жағдайы тіркелген (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ)). Ал, осы қатерлі ісік ауруының жаңа жағдайларының саны 2030 жылға қарай жылына 23,6 миллионға дейін өседі деп болжам жасалған [2].

Қазіргі таңда, біздің еліміздің онкологиялық мекемелерінде диспансерлік есепте шамамен 3 млн адам тұр, оның 57,7% - ы бес жылдан астам өмір сүру мерзімі бар деп көрсетіледі [3].

Көріп отырғанымыздай, онкологиялық аурушандық мәселесі өзінің теориялық және практикалық маңыздылығы мен өзектілігі бойынша, қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің күрделі мәселелерінің бірі болып саналады.

Бүгінгі таңда онкологиялық науқастарды психодиагностикалық зерттеу нәтижелері эмоциялардың, орталық жүйке жүйесі мен иммундық жүйенің өзара байланысы туралы айтуға мүмкіндік береді. Сондықтан, онкологиялық науқастарға психологиялық көмек көрсету әртүрлі қорқыныштар мен ақыл-есі кем аурулардың пайда болуына қатысты, теріс ұстанымдарды оңға ауыстыруға бағытталған, олар пациенттің өз денсаулығын қалпына келтіруге қатысатын жеке өзі әрекет ететін тұлға болуына ықпал етеді. Ғалымдар қатерлі ісік жасушаларының кез келген адамның ағзасында кезең-кезеңімен пайда болу қабілетін анықтаған. Бұл жалпы танылған факт. Егер адам сау болса, онда қатерлі ісік жасушаларының қаупі бірден танылады және организм оларды оқшаулайды және жояды [4].

Онкологиямен ауыратын науқастарда барлығы керісінше жүреді: қатерлі жасушалар организм тарапынан қысым жасамай ұлғаяды, осылайша обырдың сыртқы белгілері пайда болады. Бірақ дәрігерлер адамның иммундық жүйесі – табиғи қорғаныс механизмдері мен ағзаның өзі қатерлі

жасушаларды жоюға мүмкіндігі барына сенімді. Осыған орай, онкологиялық науқастарға көрсетілетін психологиялық көмек, емделушілер сауығып шығу мүмкіндігіне және өмір үшін күресті жалғастыру қажеттігіне сенуімін арттыруға бағытталған. Егер де, адам иммундық жүйені тиісті деңгейде ұстап тұрса, болашақта онкологиямен қайта аурудан қорықпауына болады.

Обырды диагностикалау барлық адамдарда қорқыныш және уайым тудырады. Бұл қорқыныш тұлға бойындағы кейбір жалған сенімдерге негізделген:

- қатерлі аурудың туындау себебі белгісіз;
- обыр ауырсынумен қатар, ерте азапты өлімге алып келеді;
- ауырып қалған адам өзіне көмектесе алмайды, ол өз өмірін дәрігерге жүктей алады;
- онкологияны емдеудің барлық түрлері жағымсыз және көбінесе нәтижесіз болады [5].

Онкологиялық науқастарға және олардың туыстарына көрсетілетін психологиялық көмек, ең алдымен, осы қорқыныш пен уайымды сейілтп, ақыл-ойды дамытып, оларды позитивті қондырғылармен алмастыра отырып көрсетіледі. Психологтар әрбір адамның денсаулығын қалпына келтіру өз қолында екендігін пациенттерге жеткізе алуы тиіс. Обыр ауруын диагностикалау, бұл өлімге дайындалу керек дегенді көрсетпейді. Керісінше, табиғатпен берілген барлық денсаулық әлеуетін пайдалана отырып, толыққанды өмір сүруді үйрену қажеттігін білдіреді.

Онкологиялық науқастарға бастапқы кезеңде психологиялық көмек, науқасқа онкология қатал тағдырдың ең ауыр түрі емес екенін ұғынуға көмектесу барысында жүргізіледі, бұл кездесок емес, себебі мен тарихы бар ұзақ процесс. Обыр ауруларының пайда болуына ықпал еткен себептердің көпшілігі қазіргі ғылымға белгілі және оларды белгілі бір нақты жағдайда анықтайды. Ауруды тудырған себептерді біліп, осы себептерді жою үшін және оның салдарын жеңу үшін дәрігермен белгілі бір іс-қимыл жоспарын жасау керек. Бұл мәселеде адам өмірінің үш аспектісін қарастыру қажет: психикалық, физикалық және рухани.

Ауыр науқастардың көпшілігі болмыстың келесі мәселелерін ойға ала бастайды: "Өмір қандай? Мен не үшін өмір сүремін? Өмірдің мәні неде? Мен кімін? Мен не үшін өмір сүріп жатырмын? Онкологиялық науқастарда бұл рухани мәселелер жиі бірінші орынға қойылады. Мамандар осы аспектілердің маңызы зор деп санайды, себебі бұл сұрақтардың шешімі, онкология мен оның терапиясында маңызды рөл атқарады. Бұл жауаптардың оң нәтижелі болуы, емделудегі табысқа жеткізер кілт болып саналады.

Онкологиялық ауруларды кешенді емдеу әдістемесі әрбір адамға қолжетімді және мыналарды көздейді: позитивті ойлау, өмірлік күйзелісті жеңе білу қабілеті, дұрыс тамақтану, тұрақты медитативтік сабақтар. Барлық аталғандар әрбір нақты жағдай үшін қолайлы емдеу түрімен бірге жүріп отыруы қажет. Мұндай жағдайда науқастар емделіп қана қоймай, өмірге терең көзқарас қалыптасады, шынайы махаббат оянады, олар қорқынышты жеңіп үйренеді, өмір нәтижесін байыппен қабылдайды.

Онкологиядан толық емделіп шығу күрделі процесс болғанымен, тәжірибеде бұл әбден мүмкін екендігін растайды. Барлық онкологиялық аурулардан емделуде адамның иммундық жүйесінің жағдайы маңызды рөл атқарады. Медицинадағы жетістіктерге қарамастан, толық емделумен қатар барлық пациенттер аурудан құтыла алмайтын және оларға өмірмен қоштасуға тура келетін жағдайлар болатынын атап өткен жөн, сондықтан қазіргі уақытта паллиативтік науқастарға көмек көрсету мәселесі өзекті болып табылады.

Онкологиялық науқастарға паллиативтік психологиялық көмек өлімге және қорқынышқа сүйенудің мағынасы жоқ екенін түсіндіру болып табылады, өйткені өмір қысқа және әр күн сайын бақытты өмір сүру қажет. Мамандар емделуге көмектеспеген, бірақ психологиялық көмек көрсеткен онкологиялық науқастар тек жақындары мен туыстарын ғана емес, тіпті олардың өздерін де таң қалдыратын тыныштықпен және абыроймен өлімді қарсы алатындығын атап өткен. Бұл тұрғыда науқастарды онкологияны жеңген деп санауға болады.

Онкологиялық аурулардан сауығу үшін екі фактор маңызды рөл атқарады: бұл қолдаушы адамдар (дәрігерлер, еріктілер, туыстары, достары) көрсеткен сыртқы көмек және адамның өзі жұмылдыра алатын жеке ресурстар. Жеке ішкі ресурстарға келетін болсақ, мамандар оған ауруды заңды, өз себептері бар процесс ретінде көру қабілетін санайды [6].

Терапевтер мен онкологтар емделмейтін және өз пациенттерін "соңғы жолға" шығарып салатын мамандар болып табылады. Өйткені, онкологиялық науқастарға көмектесуге қабілетті жалғыз нәрсе-бұл дұрыс күтімді ұсына отырып, олардың физикалық және моральдық азабын жеңілдету.

Психологиялық көмек заманауи тұжырымдамаларға сәйкес кешенді, сектор аралық және мультидисциплинарлық тәсілді қамтиды. Оның мақсаты прогрессивті, емделмейтін аурумен және шектеулі өмір болжауымен емделушілерге (мүмкіндігінше) ең жақсы өмір сүру сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Онкологиялық науқастарға паллиативтік көмек төменде аталған міндетті компоненттерді қамтиды:

- медициналық, кәсіптік (жеке фармакологиялық) көмек;
- психолог-мамандармен ұсынылатын және пациенттердің отбасы мүшелеріне таратылатын психологиялық кәсіби көмек;
- рухани тәлімгерлер жүзеге асыратын моральдық қолдау;
- әлеуметтік қызметкерлер жүзеге асыратын әлеуметтік көмек [7].

Тиімді паллиативтік көмектің негізі онкологиялық науқастар мен олардың отбасы мүшелерін психологиялық және психотерапевтік қолдау болып табылады.

Индивид онкологиялық диагноз қойылған кезде, белгілі бір жауапкершілікті бірден дәрігерге аударады. Мұндай жағдайда емделуші жиі агрессивті көңіл-күймен келеді және медициналық персонал оның агрессивті мінез-құлқына назар аудармай, күйзеліске төзімді болуға тиіс. Пациенттің

мұндай жағдайы өмірімен қоштасудың тұрақты қорқынышымен түсіндіріледі.

Мұндай жағдайларда онкологиялық науқастарға көмек көрсету, эмоционалдық қолдау көрсету, емделушілерге өзін қауіпсіз сезінуге, күрделі жағдайларда толыққанды өмір сүруге көмектесу қабілеттілігінде көрінеді. Осы міндетті жүзеге асыру үшін дәрігерге сенім білдіру, сауатты психологиялық көмек көрсету және туыстарын қолдау қажет. Егер онкологияда аталған барлық компоненттер бар болса, онда психологиялық қолдау оған мінез-құлықты түзету үшін қосымша ретінде талап етіледі. Қажетті ем алу үшін науқас бөлімшеге бірінші рет келген кезде пациентті психологпен емдеудің бастапқы кезеңінде алып жүру қажет.

Онкологиялық науқастарға психологиялық көмек көрсету адамдарды терапияның маңыздылығына дұрыс дайындау болып табылады. Қазіргі уақытта онкологиялық бөлімшелерде штаттық психологтардың және психотерапевтердің аз кездесуі мәселесі өзекті болып отыр, сондықтан психологиялық сипаттағы барлық мәселелер науқас өзінің емдеуші дәрігеріне артады. Әрине, қарым-қатынас психологиясы саласындағы емдеуші дәрігер белгілі бір білімге ие, бірақ онкологтың негізгі міндеті - бұл тиімді терапия жүргізу, ал пациенттермен олардың психологиялық мәселелерін талқылау үлкен уақытты қажет етеді.

Осыған байланысты онкологиялық патологиясы анықталған, барлық жоспарларды бұзатын және қорқынышты, сенімсіздік пен алаңдаушылық тудыратын диагноз қойылған пациентке келесі ұсынымдарды ұсынамыз.

Адам өзінің диагнозы туралы білгенде, ол қорқыныш пен үрейді қамтиды және адамда терістеу немесе шок болады, одан әрі ашулану пайда болып, депрессияға түседі және біраз уақыттан кейін оның диагнозы қабылданады [8]. Бұл тәжірибе бұрын болған басқа ауруларды қабылдаудан түбегейлі ерекшеленеді, өйткені ол жағдайларда қалай болу және не істеу керектігі түсінікті. Ал адамның алдында белгісіз және нақты қауіп тұрғанда, адам үрейленеді. Бұл сезімдерге берілуге болмайды, өйткені мұндай жағдайда адамның ішкі жан дүниесінің мықтылығы, күрес үшін ерік-жігері және жағдайды саралай алуы маңызды. Емдеуші дәрігерден қандай әрекеттер жасау керектігін мұқият сұрастыру қажет.

Бұдан әрі, өз проблемасын кіммен талқылауға болады деп ойлаған жөн. Алынған ақпаратты өзімен алып жүруге болмайды. Үнемі ойлана отырып, үрейленетін фактілерді өлшей отырып, адам өзін қорқыта отырып, оларға әрдайым жеке реакциясын ауырлатады. Әңгімелесушіні мұқият таңдау керек. Алдағы қиындықтарға байланысты "отқа май құйып алу"-дан аулақ болып, ондай жағдайдан, қауіптену қажет. Бұл жағдайда рухани тәлімгер, психолог немесе мүмкін болатын ақылға қонымды әңгімелесуші қажет. Жақын адамдарыңызбен, шын мәнінде қымбат адамдармен сөйлескен дұрыс. Олардың қалай уайымдайтынын сезіну маңызды, өйткені бұл олардың қамқорлығы мен махаббатының көрінісі.

Онкологияда маңызды фактор уақыт болып табылады және мұнда «Қажет емес пе?»-деп, өзіңізді күмәнмен артқа таруға болмайды. Мұнда, барлық іс-

әрекеттерді анық, тез және уақтылы жасау маңызды. Дәрігерлер жиі емдеуде жақсы перспективаларды байқағандықтан, емдеу шараларын тез жүргізуді дұрыс деп санайды.

Онкологиялық диагноз әрқашан қайталанатын, созылмалы ауруға айналмас үшін, емдеуге белгілі бір уақытты жұмсау керек. Ең қатты ауырған жағдайда да, науқас барлық күшті жинап, өзінің психологиялық ресурстарын талдап, емдеу процесінің белсенді қатысушысы болу керек.

Психологтар диагнозды өз өмірінің құрамдас бөлігі ретінде қабылдап, ауруды өз өміріне енгізу өте қауіпті деп санайды. Сондықтан өзін-өзі басқаруды үйрену қажет. Онкологиялық аурудың табиғатын ескере отырып, ағза өз құрылымының бағалы және жаңа элементтері үшін жойылуға жататын жасушаларды қабылдады, ол белсенді өсіп, қоректендіреді. Бұл ісік жасушаларының тез таралуына себепкер болады. Сондықтан, адамның психикасы аурудан бас тартуына көңіл бөлу керек. Бұл мәселені мәңгілік өмірге айырлымас қайғы ретінде қабылдауға болмайды. Емнен кейін сауығу кезеңі басталатынына сену керек, өйткені сенуші адам өзін-өзі жеңеді – бұл туралы тек ауру болған жағдайда ғана емес, барлық жерде және әрдайым есте сақтау керек.

Мамандандырылған онкологиялық мекемеде білікті дәрігерді табу, одан барлық ақпаратты білу, маманмен емделудегі одан кейінгі қадамдардың барлық аспектілерін талқылау қажет. Онколог-дәрігерге сену маңызды, ауруханалар мен онкологиялық бөлімшелерде білікті мамандар жұмыс істейді. Қазіргі уақытта әлемде жыл сайын жаңа емдеу технологиялары пайда болуда, сол бойынша онколог-дәрігерлер жыл сайын арнайы оқыту курстарынан өтеді. Олардың білімі маңызды ресурс болып табылады, сондықтан дәрігерлермен бірге аурумен күресу қажет. Ауру кезінде адамға ауру оны әдеттегі қамқорлықтан, адамдар шеңберінен, қызығушылықтардан бөліп, соның салдарына жалғыздық сезімі туындайды. Өмір диагнозға дейінгі және одан кейінгі уақытқа бөлінгендей көрінуі мүмкін. Мұндай жағдайда, көмек көрсете алатын адамдарды іздеген жөн және шын мәнінде мұндай адамдар көп кездесіп жатады. Әрқашанда өз тағдырын ашу мен қорқынышқа меңземей, нақты ой мен сенімді сақтап қалу маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Новиков А.И. Социальные, психологические и этнические проблемы в современной онкологии. Учебное пособие. – Омск, 2008. – 7 б.
2. Рак: основные цифры и факты: <https://www.who.int/cancer/about/facts/ru/>
3. ҚР онкологиялық қызмет дамуы мен жағдайы: <https://kazmedic.org/archives/5215>
4. Новиков А.И. Социальные, психологические и этнические проблемы в современной онкологии. Учебное пособие. – Омск, 2008. – 66 б.
5. Международная статистическая классификация болезней и проблем, связанных со здоровьем; 10-й пересмотр. Всемирная организация здравоохранения. – М., 2003.

6. Сидоров П.И., Парняков А.В . Клиническая психология: учебник. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2008.

7. Психологическая помощь онкологическим больным:
<https://psihomed.com/psihologicheskaya-pomoshh-onkologicheskim-bolnyim/>

8. Новиков А.И. Социальные, психологические и этнические проблемы в современной онкологии. Учебное пособие. – Омск, 2008. – 45 б.

ӘОЖ 159.922

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЛГЕРІМІ ӘР ТҮРЛІ СТУДЕНТТЕРДІң ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Женис Гулим Мадикызы

zhenisguim@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің

1курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Аубакирова Ж.К.

Аннотация: Бүгінгі күні білім беру үдерісінде бірінші кезекке бірегей тұтас тұлға шығады, ол өз мүмкіндіктерін барынша іске асыруға ұмтылады, сондықтан оның оқу қызметінің табыстылық проблемасы ерекше маңызға ие болады. Ол үшін әр студенттің жеке ерекшеліктерін және олардың үлгеріміне қалай әсер етуі мүмкін екендігін қарастыру қажет. Әр түрлі академиялық үлгерімі бар студенттердің жеке ерекшеліктері мәселесін көптеген зерттеушілер, яғни Т. О. Гордеева және Е. Н. Осин Д. А. бірге зерттеді. Леонтьев студенттердің академиялық табыстылығы мен психологиялық әлауқатына әсер ететін факторларды талдады. Академиялық үлгерім ұғымын Н. В. Бордовская, А. А. Реан, М. В. Вовчик-Блакитина зерттеді және т. б.. Студенттердің жеке ерекшеліктерін зерттеген авторлар: Зеер Е. Ф., Н. А. Менчинская, М. Р. Шабалина және т. б. В. И. Самохвалова, А. А. Бударного және т. б. зерттеулерінде өз үлгерімімен жеке қасиеттерінің өзара байланысы туралы айтады. Әр түрлі академиялық үлгерімі бар студенттердің жеке ерекшеліктерін зерттеуге қатысты көптеген жұмыстар бар екеніне қарамастан, мәселе әлі де өзекті болып қала береді.

Кілт сөздер: академиялық үлгерім, студент, топ, студенттердің жеке ерекшелігі, жоғары деңгей, жоғары академиялық үлгерім, көрсеткіш, жоғары үлгерім деңгейі, тұлғаның коммуникативтік ерекшелігі.

Мен әр түрлі академиялық үлгерімі бар студенттердің тұлғалық ерекшеліктерінде айырмашылықтар болады деп болжадым, атап айтқанда: үлгерімі жоғары студенттер академиялық үлгерімі төмен студенттерге қарағанда тұлғаның интеллектуалдық, эмоциялық және коммуникативтік ерекшеліктері компоненттері бойынша жоғары көрсеткіштер көрсетеді. Зерттеудің контекстінде қойылған міндеттерді шешу үшін келесі әдістемелер қолданылды: жеке басының қасиеттерін, мінез-құлқының ерекшеліктерін, бейімділігін, жеке басының мүдделерін анықтауға бағытталған Р. Кеттел